

БӨЛІМ: ХИМИЯ

Химиялық реакция типтері

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/55920/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|-------|
| Пәні: химия | | Мектеп: | | | | |
| Күні: 12.10.2018 ж | | Мүғалімнің есімі: Иманова Е.А. | | | | |
| Сабақтың тақырыбы: Химиялық реакция типтері | | | | | | |
| Сабақ негізделген оқу мақсаты: Химиялық реакция типтерін меңгерту, теңестіру әдістерімен таныстыру | | | | | | |
| Сабақ мақсаттары | | <p>Барлық оқушылар: Химиялық реакция типтері және бір-бірінен айырмашылығын ажыратуын қадағалау арқылы реакцияны теңестіру әдісімен таныса алады</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Химиялық реакцияға кіріскен және түзілген заттардың құрамына қарай ерекшеліктерін анықтап, химиялық реакцияларды жіктей алады</p> <p>Кейбір оқушылар: Қосылу, айырылу, орынбасу, алмасу реакциялары арқылы табиғатта болатын құбылыстарды түсіне алады.</p> | | | | |
| Тілдік мақсат | | <p>Оқушылар: Бастапқы химиялық ұғымдардан реакция типтері ұғымын меңгеріп, химиялық тілін дамытады.</p> <p>Негізгі сөздер мен тіркестер: қосылу, айырылу реакциялары</p> <p>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</p> <p><i>Талқылауға арналған тармақтар: Неліктен қосылу немесе айрылу реакциялары деп атайды?</i></p> <p><i>Сіз неліктен қосылу реакциясы кезінде бір зат, айрылу реакциясы кезінде екі зат өнім болатынын айта аласыз ба?</i></p> <p><i>Жазылым бойынша ұстанымдар: Қосылу және айрылу, орынбасу және алмасу реакциялары теңдеулерін құра білу</i></p> | | | | |
| Алдыңғы оқу | | Химиялық және физикалық құбылыстарды ажырата білу Химиялық реакциялардың жүру белгілерін білу Химиялық реакция теңдеулерін құра білу | | | | |
| Ұйымдастыру кезеңі 3 минут | | Психологиялық ахуал орнату. «Тілек алаңы» тренинг / оқушылар тілек айта отырып бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлайды/ | | | | |
| Ойлауды Блум таксономиясы бойынша жіктеу | Мақсаты | Тапсырма түрлері. Түрткілер | Күтілетін нәтиже | Бағалау критерийлер | Дескрипторлар | Белгі |
| Білу 7 минут | Химиялық реакциялар, химиялық теңдеулер жайлы не білетінін еске түсіру Үй тапсырмасын бекіту Ой қозғау арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады | «Бос орындық толтыр» жаттығуы арқылы: 1. Химиялық реакцияның белгілері (жарық, тұнба, газ, иіс, түсі). 2. Химиялық реакцияны химиялық теңдеумен формулалар арқылы шартты түрде жазу (химиялық теңдеу) 3. Химиялық әрекеттесуге кіріскен заттың массасы одан түзілген заттың массасына тең, бұл қай заң? (зат массасының сақталу заңы) 4. Темірдің тат басуы қандай құбылысқа жатады? (химиялық) 5. Реакцияға кіріскен заттар (реагенттер) 6. Реакциядан шыққан заттар (өнімдер) Кесте түрінде берілді. «Менен сұрақ сізден жауап» әдісі «Сиқырлы сандар» ойыны | Білгенін еске түсіреді. Үйге берілген тапсырманы сұрақ жауап арқылы оқушылар бір-біріне қоя отырып бекітеді Жаңа сабақтың тақырыбын ашады | Жаттығуды орындауы Сұрақтарға жауап беруі Тапсырманы орындауы | Жаттығуды толық орындады — (6-5) Жаттығуды жартылай орындады – (4-3) Жаттығуды мүлдем орындай алмады -(2-1) Сұрақтарға толық жауап берді /6-5/ Сұраққа жауап берді /4-3/ Сұраққа мүлдем жауап бермеді / 2-3/ Сұрақтарға толық жауап берді /6-5/ Сұраққа жауап берді /4-3/ Сұраққа мүлдем жауап бермеді / 2-1/ | |
| Түсіну 5 минут | Оқушылармен қосылу, айырылу, орынбасу, алмасу реакциялары туралы тақырыпты оқу арқылы жаңа материалды меңгереді | «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі /түрткі сөздер айырылу, қосылу, орынбасу, алмасу/ | Химиялық реакция типтері жайлы түсінік қалыптастырады | Тақырыпты аша алуы | Тақырыптан негізгі ережелерді тауып, толық аша алады /6-5/ Тақырыптан негізгі ережелерді тауып, аша алады /4-3/ Тақырыптан негізгі ережелерсіз аша алады /2-1/ | |

| | | | | | | |
|---|---|---|--|---|--|--|
| <p>Қолдану 8 минут</p> | <p>Игерген білімдерін тиімді қолдану</p> | <p>«Түртіп алу» стратегиясы /қажетті анықтамаларды дәптерлеріне түртіп жазып алады/ Жұптық жұмыс: Оқушыларға төрт реакцияның схемасы беріледі, қандай реакцияның типіне жатады және өзара реакциялардың қандай айырмашылығы бар? Күнделікті өмірде химиялық реакция типтері кездесуі мүмкін бе? Қай жерде? Қай кезде? 1. $A+B=AB$ 2. $AB=A+B$ 3. $AB+C=BC+A$ 4. $AB+CD=CB+AD$ «Кірі жайғыш» әдісі бойынша әр жұп тапсырманы қорғайды</p> | <p>жаттығулар орындау барысында игерген білімдерін тиімді пайдалана алады.</p> | <p>Химиялық реакция типтерін өзара салыстыру</p> | <p>Анықтама негізінде, реакцияларды салыстыра алады /6-5/ Анықтама негізінде реакцияларды толық салыстыра алмайды /4-3/ Анықтама негізінде, реакцияларды салыстыра алмайды /2-1/</p> | |
| <p>Талдау 5 минут</p> | <p>Оқушылармен бірге қосылу мен айырылу және орынбасу мен алмасу реакцияларының анықтамасын, тұжырымдамасын шығару үшін тәжірибе жасау.</p> | <p>«Тәжірибе алаңы» /оқушылар берілген тапсырма бойынша тәжірибе жасайды/ 2. Барий хлориді мен натрий сульфаты арасындағы реакцияны жасау /алмасу/ 3. Мыс хлориді мен натрий гидроксиді арасындағы реакцияны жасау /қосылу/</p> | <p>Көрсетілген тәжірибе бойынша жұпта талқылап қорытынды шығара алады</p> | <p>Теориялық білімдерін практикаға ұштастыра алуы</p> | <p>Сабақта алған білімін пайдаланып, тәжірибеге қорытынды жасай алады /6-5/ Сабақта алған білімін толық мүмкіндігінше пайдалана алмайды /4-3/ Сабақта алған білімін практика жүзінде қолдана алмайды /2-1/</p> | |
| <p>Жинақтау 5 минут</p> | <p>Жаңа сабақтан алған білімдерін өткен сабақпен байланыстыра отырып тұжырымдау</p> | <p>1. Оқулықпен жұмыс № 6 жаттығу /тақтаға орындайды/ 2. «Екеуара бірлескен жұмыс» Химиялық теңдеулер. Реакция типтері 3. Кестемен жұмыс /жеке жұмыс/</p> | <p>химиялық реакциялар типтері бойынша алынған мәліметтерді саралап, топтастыра алады.</p> | <p>Тапсырманы орындау мүмкіндіктерін қадағалау</p> | <p>Тапсырманы толық орындады (6-5) Қателіктерімен орындады (4-3) Орындай алмады (2-1)</p> | |
| <p>Бағалау 7 минут</p> | <p>Бүгінгі сабақтан алған білімдері, жаңа ұғымдары мен ережелері жайлы ойын жинақтауға дағдыландыру.</p> | <p>«Химиялық реакциялар тұрмыста» атты ой толғау жазу Оқушылар бір-бірін берілген критерийлер арқылы бағалайды Кері байланыс « Бүгін мен» Үйге тапсырма : § 16 № 7 жаттығу</p> | <p>Бүгінгі сабақтан алған білімдері, жаңа ұғымдары мен ережелерін өмірмен байланыстыра алады</p> | <p>Ой толғау жазып, өзіндік бағалауы қалыптасады.</p> | <p>Ойы жүйрік, жүйелі, өмірмен байланыстыра алған /6-5/ Қысқаша жазылған, жүйелі, өмірмен байланысы бар /4-3/ Қысқаша жазылған, жүйелі емес, өмірмен байланысы жоқ немесе орындай алмады /2-1/</p> | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.